



Автор: Назаров Ержан Аскарлович

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Презентациялар

Тақырып: Презентациядағы дыбыстар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.4.2 белгілі бір тақырыпта фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді пайдалану; 4.2.3.3 презентацияға дыбыс пен бейнені кірістіру;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: презентацияға дыбыс кірістіру командаларын қолданады; Көптеген оқушылар: презентациядағы дыбыстық файлдарды баптайды, нысанға анимация қосады; Кейбір оқушылар: нысандардағы анимацияны, дыбысты барлық слайд беттерінде қосып ойната алады.
Тілдік мақсаттар:	Дыбыс – Звук – Sound Жандандыру – Анимация – Animation Кірістіру – Выставка – Exhibition Құрал – Инструмент – Instrument
Күтілетін нәтиже:	Презентацияға дыбыс қосу командаларын пайдалана алады. Дыбыстық файлдар баптайды, әсерлерді өңдей алады. Дыбыс пен әсерді барлық бетке бірдей қосып ойната алады.
Бағалау критерийлері:	Презентацияға дыбыс қосу командаларын пайдалана алады. Дыбыстық файлдар баптайды, әсерлерді өңдей алады. Дыбыс пен әсерді барлық бетке бірдей қосып ойната алады.
Құндылықтарды дарыту:	<input type="checkbox"/> жақсы қарым-қатынас орнату; <input type="checkbox"/> оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау; <input type="checkbox"/> өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Презентацияға құрал-жабдықтарды пайдаланып дыбыс пен әсерлерді қосу
Пәнаралық байланыс:	Музыка, ағылшын тілі, математика
Бастапқы білім:	Презентацияларға арналған ақпарат

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1. Оқушылармен амандасу. 2. Қауіпсіздік ережесі. 3. «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен сабақ тапсырмаларына Plickers бағдарламасы арқылы шолу жасау. 4. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру. ҚБ: «Стикер» әдісі	Интербелсенді тақта Ноутбук Презентация Оқулық жұмыс дәптері Plickers карточка-лары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Презентацияда слайд-шоу жасаған кезде, фондық режимде ойнайтындай етіп музыка қосуға болады. Егер сен Интернеттегі музыканы пайдаланғың келсе, әдеттегідей оны компьютерге жүктеп аламыз. Көрсетілім. Презентацияны көрсету кезінде музыканы ойнату. Кірістіру → Дыбыс Ойнату → Бастау → Барлық слайдтар үшін Автоматты түрде батырмасы-барлық слайдтар үшін слайд-шоу кезінде дыбыстық файлды автоматты түрде ойнатуға мүмкіндік береді. Анимация → Анимация аймағы Аудиофайлдарды жазу және тыңдау үшін компьютерде дыбыстық карта, микрофон және колонка болуы керек.</p> <p>Жеке жұмыс. 1-тапсырма. Практикалық тапсырма. Жеке жұмыс барысында оқушыларға «Шиыршық» әдісі арқылы өткен сабақтар мен жаңа сабақты байланыстыра отырып слайд жасауға (слайд 3-4 беттен кем болмауы керек), жасаған жұмыстарын «Сөйлеу арқылы ойлану» әдістерін негізге ала отырып шығармашылық жұмыстарын қорғауға бағыттау.</p> <p>Дескриптор: - Power Point программасын іске қосады; -еркін тақырып бойынша слайд жасайды; -презентацияға дыбыс кірістіру командаларын қолданады; -программадағы дайын дыбысты презентация қосады, бүкіл слайд бетіне ойнатады.</p> <p>ҚБ: «Стикер» әдісі</p> <p>Сергіту сәті «Заряд алу» әдісі арқылы (А.Ж.Егізбаев). Көз жаттығуларын еске түсіру.</p> <p>Жұптық жұмыс. 2-тапсырма. Оқулық, 100-бет «Ой бөлісейік» тапсырмасын әр оқушы жанында бірге отырған жұбымен орындайды. «Атаулар (терминдер) кестесі» әдісін негізге ала отырып.</p> <p>Дескриптор: -берілген кестеден тақырыпқа байланысты атауларды табады. -үлгіге қарап, мағынасын анықтайды.</p> <p>ҚБ: «Стикер» әдісі</p>	<p>Интербелсенді тақта Презентация Жұмыс дәптері</p> <p>Интербелсенді тақта Ноутбук</p> <p>Интербелсенді тақта Презентация</p> <p>Презентация Оқулық</p>
Сабақтың соңы	<p>Кері байланыс: «ЖЕЛКЕНДІ БОЯ» әдісі</p> <p>«Әңгіме» тәсілі 1) Бүгін біздер... орындадық 2) Бізге... ұнады 3) Бізде ...өте жақсы шықты 4) Әзірше бізге ... қиындық туғызды Қорытындылау, оқушыларды бағалау. Оқушылардың сабаққа берген кері байланысына, сабақ барысындағы белсенділіктеріне қарай жеке-жеке әр оқушыларға тоқталып, өткен сабақ, практикалық тапсырма мен жұптық жұмыстарына саралап, бағалау.</p>	
Рефлексия	<p>Оқу мақсаттарын ашу мақсатында оқушыларға Plickers сайты пайдалану арқылы үй тапсырмасын тексеру жаңа сабаққа деген қызығушылықтарын сонымен қатар практикалық тапсырманы жеке орындату арқылы оқу мақсаттарын ашу барынша шынай болды, оқушылар презентацияға дыбыс пен анимацияны қосу командалары туралы білімдері толығы түсті, жеке және жұптық жұмыстар сабақты барынша қызықты, тиімді өтуіне себеп болды, уақытты тиімді пайдалануға оқулықтағы жұптық жұмыс көп көмегін тигізді, сонымен қатар жоспарыма әрқашан онлайн кері байланыс сайт ресурстарын көп пайдалануға тырысамын, барлық сабақтарда, сабақтардың дұрыс өтілуіне, уақытты үнемдеуге, тиімді пайдалануға онлайн оқу сайттарының көп көмегі тиеді.</p>	